

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 маусымдағы № 131 "Карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 16 ақпандағы № 39 қаулысы. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы № 58 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 13.03.2026 № 58 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" Заңдарын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының ұсынысы негізінде, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 маусымдағы №131 "Карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1, 2, 3-қосымшалары осы қаулының 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялануын;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің

2024 жылғы " __ " ақпандағы
№ __ қаулысына 1-қосымша
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 13 маусымдағы
№131 қаулысымен бекітілген

Карантиндік арамшөп – жатаған (қызғылт) (*Acroptilon repens* D.C.) уекіре бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

№	Ауданның (қаланың) атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Ақжайық	2669,6	198,6
2	Бәйтерек	27826	365,9
3	Бөрлі	7120	48,83
4	Жәнібек	354	70
5	Казталов	97	70
6	Сырым	14061	232,23
7	Тасқала	8742,4	56,3
8	Теректі	51486,1	289,21
9	Шыңғырлау	1587,4	26,11
10	Орал қаласы	8369,7	38,8
	Облыс бойынша	122313,2	1395,98

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы " __ " ақпандағы
№ __ қаулысына 2-қосымша
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2023 жылғы 13 маусымдағы
№ 131 қаулысымен бекітілген

Карантиндік арамшөп – көпжылдық ойраншөп (*Ambrosia psilostachya* (D.C.)) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

№	Ауданның атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	104	62,5
	Облыс бойынша	104,0	62,5

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы " __ " ақпандағы
№ __ қаулысына 3-қосымша
Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 13 маусымдағы
№ 131 қаулысымен бекітілген

Карантиндік арамшөп – арам сояу (*Cuscuta sp.sp*) бойынша залалданған алаңдардың көлемінде Батыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақ

№	Ауданның (қаланың) атауы	Залалдану алаңы (гектар)	Ошақ алаңы (гектар)
1	Бәйтерек	279,5	1,9069
2	Бөрлі	75	0,0033
3	Теректі	72	0,15
4	Шыңғырлау	152	0,12
5	Орал қаласы	2,925	0,0534
	Облыс бойынша	581,425	2,2336

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК